

ҮШЕУДІҢ ҮНІ

Өмірде болған оқиғалар негізінде жазылған әңгіме.
Кейіпкерлердің есімдері өзгертілген, бірақ тарих
өзгертілмеген.

1-ші үн

САНДУҒАШ

**Сахнада бір әйел ғана. Ол аппақ киінген.
Әрекет ұзақтығы – сегіз сағат.**

~~(Оны сегіз сағат бойы өлтірді).~~

**Бұл әйелдің есімі – Сандуғаш.
Ол айтатын ер адамның есімі – Қалдыбек.
Бәрің де олардың есімдерін білесіңдер.**

Анам мен әкем мені ботақан дейтін. Кейде балапан дейтін. Ол мені «жаным» дейтін. Бірден «жаным» дей бастады. Біз әлі таныспай жатып-ақ.

Бұл оның маған айтқаны.

Сені көбірек білгім келеді. Сен әдемісің. Сен ең әдемісің.

Бұл оның маған айтқаны.

Саған ол неге керек? Ондай еркектер саған ұнамайды ғой. Ол түрмеде болған. Ол өзгермейді. Ол тым ерке мінезді. Ол өмірде қиындық көрмеген.

Бұл менің өзіме айтқаным.

Ол мені алақанына салып көтерем деп уәде берді. Шынымен көтеріп жүрді. Әдемі сөйлеп, жүрегімді жаулап алды. Мен беріле бастадым. Мен оны сүйіп қалдым. Мен оған бауыр басып қалдым.

Жаным.

Бұл менің оған айтқаным.

Жаным.

Бұл оның маған айтқаны.

Мен сені жақсы көрем.

Бұл менің оған айтқаным.

Мен сені жақсы көрем.

Бұл оның маған айтқаны.

Қайда болдың? Кіммен болдың? Неге олай киінгенсің?

Бұл оның маған айтқаны.

Шыда, бәрі жақсы болады. Бәрі орнына келеді. Ол өзгереді. Ол сені жақсы көреді.

Бұл менің өзіме айтқаным.

Мен сені сүйем. Сен мен үшін бәрі боласың. Менің өмірімсің. Бақытымсың. Ты меня бесишь. Прикройся. Сен арсыз сияқтысың. Шлюха.

Бұл оның маған айтқаны.

Кейде маған әндеткім келеді. Кейде маған билегім келеді.

Ән сал, Сандуғаш құс! Биле, Сандуғаш қыз!

Бұл менің өзіме айтқаным.

Біз ол концерттен кетіп қалдық. Ән де салмадым, би де билемедім.

Ол менің бетімнен ұрды.

Ол маған бірдеңе деді. Бірақ есімде жоқ. Құлағым шыңылдады.

Үнсіздік.

Сандуғаш.

Ол менің атымды қайталап тұрды.

Сандуғаш.

Бұл оның маған айтқаны.

Сандуғаш.

Бұл менің өзіме айтқаным.

Рахымжанмен төсекте болдың ба?

Бұл оның маған айтқаны.

Жоқ. Жоқ! Жо-жооқ!

Бұл менің оған айтқаным.

Сандуғаш. Сан. Ду. Ғаш.

Сан!

Ду!

Ғаш!

Сан!

Ду!

Ғаш!

Оян!

Оян, Сандуғаш!

Саған не болды, Сандуғаш?

Жақсысың ба, Сандуғаш?

Тірісің бе, Сандуғаш?

Ты сама довела его, Сандуғаш.

Сука.

**Үнсіздік.
Ауыр үнсіздік.**

Әр жолы тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғасы болса, есімім жыпылықтай бастайды.

Сандуғаш! Сандуғаш! Сандуғаш!

Әр жолы жаңалықтарда мен туралы айтылса, есімім жыпылықтай бастайды.

Сандуғаш!

Әр жолы Қалдыбек мені есіне алғанда, есімім жыпылықтай бастайды.

Сахнада кенет қараңғылық орнайды.

*Кеудеме сандуғаш құс түнеді ме –
Шақырды мені мәңгі Күн еліне.*

Әуені тыншытпайды, әлде әнші құс
ұясын салды ма екен жүрегіме?

2-ші үн

ЕВА (МАРА)

Сахнада бір әйел ғана. Ол аппақ киінген.
Өрекет ұзақтығы – сегіз ай.

~~(Оны сегіз ай бойы іздеді).~~

Бұл әйелдің есімі – Ева.
Ол айтатын ер адамның есімі – Рушан.
Бәрің де олардың есімдерін білесіңдер.

Мен күнделік жүргізе бастадым.

Р. туралы біреумен сөйлесуім керек болды, ал мамама бәрін айта алмаймын. Ұялғандықтан немесе басқа бір себептен емес. Жай ғана айта алмаймын. Болды.

Қымбатты күнделік, ол маған жаныма батқанына жылаудан қатты шаршадым.

Бүкіл кеш бойы кездесуді күттім, дайындалдым, бірақ соңғы сәтте ұйықтап қалыппын. Р. күткісі келмеді, соған жыным келді.

Р. маған күлімдегенім ұнайтынын жазды. Мен оны оқып, жылап жібердім. Барлығы аяқталғандай сезіндім.

Қымбатты күнделік, Р. бүгін әдеттегіден аз жазды. Оның басқа қызы бар екенін білемін.

Қымбатты күнделік, Р. бүгін күні бойы жазып жатыр. Оның неге бұлай істеп жүргенін түсінбеймін. Мүмкін, мен бәрін әлгі қызға айтып қоямын ба деп қорқатын шығар.

Мен енді ештеңе күтпеймін. Көндім. Әрі қарай өмір сүремін.

Қымбатты күнделік, Р. жазып кешке онымен бірге бір жаққа баруды ұсынды. Бәлкім бұл біздің соңғы әңгімеміз болар.

Осыдан кейін мен күнделікке енді жазбадым. Бұл шынында да Р.мен соңғы кездесуіміз болды. Бірақ ол кезде мен ойлаған себеппен емес.

Ал сол уақытта ол басқа біреуге «Мараны бітіру керек» деп жазыпты. Мара деген менмін. Негізі атым Ева. Бірақ ол мені Мара дейтін. Өйткені тегім – Костомарова. КостоМАРАва. Түсінікті ме?

Оның мені сырттай Мара деп атайтынын білетінмін. Мүмкін, әлгі екінші қыз білмесін дегені шығар.

Ал мүмкін, ол мені ешқашан жақсы көрмегендіктен шығар.

Үнсіздік.

Олар екеу еді. Р. және басқа кісі.

Екіншісі мойнымнан қысып тұр.

Тынысым тарылып.

Тынысым тарылып.

Дем жетпей.

Дем жетпей.

Тынысым тарылып.

Мен сені сағынып жүрмін.

Мен сені жақсы көремін.

Мені кешірші, мам.

«Я купила тебе тюльпаны, но не знаю, куда их нести»

Мамам оларды ешқашан кешірмейді.

Айыпталушылар Р. пен А. Қылмыстық кодекстің 99-бабы 2-бөлігінің 7 және 8-тармақтарына сәйкес аса ауыр қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылып, өмір бойына бас бостандығынан айырылды.

Сот отырысында қаралған азаматтық талап бойынша марқұмның анасының шағымы ішінара қанағаттандырылды. Айыпталушылардан 1 955 070 теңге көлемінде материалдық шығын өндірілді.

Бұдан бөлек, Р. пен А. жәбірленушінің пайдасына моральдық өтемақы ретінде әрқайсысы 15 миллион теңге көлемінде төлеуге міндеттелді. Сонымен қатар мемлекет кірісіне 21 517 теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілді.

Қол шапалақ естіледі.

Адамдар маған қызғалдақтар мен M&M's әкеледі. Мен 1 955 070 теңгеге қанша M&M's сатып алуға болатынын есептедім. Шамамен 3863 дана шықты. Егер күніне біреуін жесең, он жылдан астам уақытқа жетеді.

Менде он жыл жоқ. Ал сіздердің алдыңызда бүтін өмір бар. Ең бастысы, өздеріңізді сақтаңыздар. Өз қыздарыңызды, қарындастарыңызды, әпкелеріңізді, аналарыңызды сақтаңыздар.

P. босатылмайды. Бірақ қоғамда тағы қанша осындай P. бар?

Сахнада кенет қараңғылық орнайды.

*Әнім сен едің кеште салатын,
Содан жас жаным ләззат алатын,
Шамын басқа үйдің жақтың аяулым,
Сендей бақытты қайдан табармын.*

3-ші үн

ӘМИНА

**Сахнада бір әйел ғана. Ол аппақ киінген.
Әрекет әлі аяқталған жоқ.**

(Қуанышқа орай).

**Бұл әйелдің есімі – Әмина.
Ол айтатын ер адамның есімі – Шамел.
Бәрің де оның атын ұмытуға шештіңдер.**

Сол кеште біз қатты ұрыстық. Біз жиі қатты ұрысатынбыз, оны көршілердің бәрі білетін, өйткені үнемі естіліп тұратын.

Сол кеште біз қатты ұрыстық. Мен бұл жолы да қабаттағы көршілердің бәрі біледі екен деп ойладым, бірақ бұны бүкіл ел білді.

Сол кеште біз қатты ұрыстық, мен психоз болып, подъезге атып шығып, лифт шақырдым.

Менің подъезге атып шығып, лифт шақырғанымды қабаттағы көршілердің бәрі естіді.

Менің подъезге атып шығып, лифт шақырғанымды бүкіл ел көрді.

Шамел соңымнан жүгіріп шықты, аяғы жалаң аяқ еді.

Оның соңымнан жалаң аяқ жүгіріп шыққанын бүкіл ел көрді. Неге екені белгісіз, бәрі оның аяқ киімсіз болғанын жақсы есте сақтап қалыпты.

Шамел қолымнан қатты қысып ұстап, лифтіден жұлқып шығарды да, пәтерімізге қарай сүйреп әкетті.

Шамелдің қолымнан ұстап, лифтіден жұлқып шығарып, пәтерімізге қарай сүйреп әкеткенін бүкіл ел көрді.

Кейін ол менің бетімнен ұрды.

Мен бетімде оның алақанының ізі қалғанын суретке түсіріп алдым.

Мен бетімде оның алақанының ізі қалған суретті инстаграмға салдым.

Бетімде оның алақанының ізі қалғанын бүкіл ел көрді.

Мен миллиондаған қаралым мен мыңдаған қолдау пікірлерін алдым. Мен бұны хайп үшін емес, үндемей қалмауды шешкендіктен істедім. Өйткені біз үндемей, жасырмай және ұялмасақ, талай трагедияның алдын алуға болар еді. Басқа қыздар да қаза таппас еді.

Әйелдер күйеуінің қолынан қаза таппауы керек, қыздар жігіттері үшін зардап шекпеуі тиіс. Зорлық көрсеткендер жазалануы керек.

Шамел сотталды, бұны бүкіл ел бақылап отырды.

Шамелге үкім шығарылды, бұны бүкіл ел бақылап отырды.

Шамел ақталуға тырысты, бұны бүкіл ел бақылап отырды.

Оны ақтаған адамдар да болды. Бірақ мен шындықтың менің жағымда екенін білемін, маған көп адам қолдау көрсетті.

Біреулер «Неге сыртқа шығарасың?» деп жазды.

Біреулер «Өзі кінәлі» деді.

Біреулер қорқытты.

Біреулер алғыс айтты.

Үнсіздік.

Ал кейін бұрын-соңды болмаған жағдай орын алды: cancel іске қосылды. Мен біздің елде cancel culture болмайды деп ойлаушы едім, бірақ оны кенеттен бәрі шеттетіп тастады.

Оны барлық жерден сызып тастады. Оның жүзінің орнында бұлыңғыр дақ қалды.

Өткен жылдың сәуіріндегі менің өмірімдегі сол оқиғаның орнында да бұлыңғыр дақ қалды. Қоғам оны көпшілік алдынан қалай сызып тастаса, мен де оны өмірімнен солай сызып тастауды жөн көрдім.

Кейде бәрін жай ғана ұмыта салу дұрыс емес сияқты көрінеді. Егер зорлық-зомбылықты ұмытсақ, ол қайталануы мүмкін. Бірақ менің біреуге үлгі, моральдық компас болуға да күш жоқ.

Кешіруге де күшім жоқ. Бірақ әрі қарай өмір сүруге күшім жетеді. Өйткені ең бастысы – осы.

**Үнсіздік.
Асқақ үнсіздік.**

Тірімін!


Күшпін!

Жеттім!

**Сахнада барлық жарық қосылады.
Үш әйел бірге би билеп жатыр.**

*Көзің маған қарап айтып тұр ғой
Oh my God
Бірақ маған жақындауға болмайды*

Пьеса Драма.КЗ-2026 фестивалінде біздің серіктестеріміздің қолдауымен ұсынылды



ЖАРҚЫН СӘБИ